



«Бекітемін»

Балабақана меңгерушісі Еркусімова Л.Т

2023 жыл.

2023 -2024 оқу жылындағы

Жолда жүру ережесі мен өрт қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру

іс-шаралар жоспары.


№	Іс шара атауы	Өткізілу әдісі	Мерзімі	Тобы	Жауапты
1.	«Бағдаршам»	сурет көрмесі	қыркүйек	ортаңғы топ	тәрбиеші Майлыбаева А.
2.	«Қауіпсіздік әліппесі» «Дұрыс-дұрыс емес»	әңгімелесу, дидактикалық ойын.	казан	барлық топтар	тәрбиеші Майлыбаева А.
3.	«Жол белгілері»	сурет көрмесі	қараша	ересек топтар	тәрбиеші Майлыбаева А.
4.	«Тұрмыстағы электроқұралдар»	нүктелі сурет	желтоқсан	ересек топтар	тәрбиеші Майлыбаева А.
5.	«Өрт қауіпті заттар»	дидактикалық ойын	қаңтар	ересек топтар	тәрбиеші Майлыбаева А.
6.	«Өртті немен сөндіреміз»	дидактикалық ойын	ақпан	ересек топтар	тәрбиеші Майлыбаева А.
7.	«Көліктер»	құрастыру	наурыз	ортаңғы «Бөбек» тобы	тәрбиеші Майлыбаева А.
8.	«Қауіпсіз жол»	танымдық ойын	сәуір	Ересек «Айгөлек» тобы	тәрбиеші Майлыбаева А.
9.	«Мен-велосипедшімін»	танымдық ойын	мамыр	Ересек «Балақай» тобы	тәрбиеші Майлыбаева А.

Тобы: Ересек "Балақай"

Мерзімі: Қазан айы

Тақырыбы: "Қауіпсіздік әліппесі", "Дұрыс-дұрыс емес"

Мақсаты: Балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру; үйде, көшеде, балабақшада сақтау керек қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін дамыту; өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауға тәрбиелеу; қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің айтқанын тыңдауға баулу. Балаларды дұрыс-дұрыс емес ойыны арқылы есте қабілетін арттыру және дұрыс таңдау жасауға ықпал ету. Балалардың күнделікті іс әрекеттерінің дұрыс бұрыстығын анықтау және оны түсіндіру. Балалармен қауіпсіздік туралы әңгімелесу, тиісті орындарда қауіпсіздік ережелерін таныстыру.




Тобы: Ересек "Айгөлек"

Мерзімі: Қазан айы

Тақырыбы: "Қауіпсіздік әліппесі", "Дұрыс-дұрыс емес"

Мақсаты: өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауға, қауіпті жағдайға кез бола қалған жағдайда өзін ұстай білуге үйрету. Қауіпті жағдай туғызуы мүмкін заттар мен құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту. Ұқыптылыққа, ептілікке, қырағырлыққа тәрбиелеу. Қын жағдайлардан шығудың дұрыс жолдарын іздеуге, өзіне-өзі көмек беру дағдысын меңгерту. Қоршаған ортаға бейімделу және әрқашан қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігін үйрету.



Тобы: Ересен "Балақай"

Мерзімі: Қаңтар айы

Тақырыбы: "Өрт қауіпті заттар"

Мақсаты: Өрттің қаншалықты қауіпті екені туралы балаларға түсіндіріп, білімдерін кеңейту. Өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру. Ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын дамыту; Қоршаған ортаны қорғауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға, жауапкершілікке тәрбиелеу. Төтенше жағдайлар жөнінде білімдерін кеңейтіп олардан сақтану жолдарымен, балалардың ой-өрісін, тілін дамыту. Балаларға оттан сақтанудың жолдарын, өрттің табиғатқа, адамға әкелетін зардабын түсіндіре отырып, сіріңке, оттық т.б қатерлі заттардан аулақ болуға тәрбиелеу.



Тобы: Ересек "Айгөлек"

Мерзімі: Қаңтар айы

Тақырыбы: "Өрт қауіпті заттар"

Мақсаты: Балаларға өрт туралы түсінік беру. Өрт тілсіз жау, өртен сақтану жолдарын үйрету. Балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастыру, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру, өз өмірлері үшін жауапты екенін ұғындыру. Балаларға жақсы мен жаман қасиеттерді ажырата білуге, әдепті және байыпты сөйлеуге, ұқыптылыққа, тазалыққа үлкеннің айтқанын тыңдай білуге тәрбиелеу. Өртпен ойнамауды, өрт шығаратын заттарды үлкендердің рұқсатынсыз ұстамауды игерту.



**Тобы:** Ересек «Балақай»

**Мерзімі:** Ақпан айы

**Тақырыбы:** «Өртті немен сөндіреміз»

**Мақсаты:** Балаларға өртпен ойнамауды, өрт шығаратын заттарды үлкендердің рұқсатынсыз ұстамауды үйрету. Балаларға өрттің қаншалықты қауіпті екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту. Оттың тілсіз жау екенін ұқтыру. Өрттен сақтану жолдарын үйрету, қауіп төнген жағдайда өздерін қорғай білуге машықтандыру, өз өмірлері үшін жауапты екенін ұқтыру. Балаларға өрт өшіретін құралдарды қалай пайдалануға болатынын үйрету. Өрт сөндіру, қауіпсіздік ережелерін түсіндіре отырып, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу. Өрттің қаншалықты қауіпті екені туралы балаларға түсіндіріп, білімдерін кеңейту. Өрттің алдын алуға балаларды ынталандыру. Сұрақ - жауап арқылы қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу. Адам өміріне өрттің зиянды екенін біле отырып сіріңкені, тұрмыстық техникалық заттарды пайдалану қауіпсіздік ережелерін білу.



Тобы: Ересек «Айгөлек»

Мерзімі: Ақпан айы

Тақырыбы: «Өртті немен сөндіреміз»

**Мақсаты:** Төтенше жағдайлар, жөнінде білімдерін кеңейтіп, олардан сақтану жолдарымен, балалардың ой-өрісін, тілін дамыту. Балаларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу. Оттың адам өміріндегі маңызын, пайдасын, сонымен қатар оның тілсіз жау екендігін түсіндіру. Балаларға оттан сақтанудың жолдарын, өрттің табиғатқа, адамға әкелетін зардабын түсіндіре отырып, сірінке, оттық т.б қатерлі заттардан аулақ болуға тәрбиелеу. Сонымен қатар оттың тілсіз жау екендігін ұқтыру. Өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы толық мағлұмат беру. Балаларға оттан сақтанудың жолдарын, өрттің табиғатқа, адамға әкелетін зардабын түсіндіре отырып, сірінке, оттық т. б. қатерлі нәрселерден аулақ болуға тәрбиелеу.



Өткізген: Майлыбаева Анда

Тобы: Ересек "Айгөлек"

Тақырыбы: «Жол белгілері»

Мақсаты:

1.Білімділік: Жалпы жол белгілерімен балаларды таныстыруды жалғастыру,жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру.

2.Дамытушылық: Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.

3.Тәрбиелік: Іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын тудыру,жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу.

Балаларды жолда жүру ережесімен және бағдаршамның қызметімен таныстыру. Жол белгілерін айыра білу дағдысын қалыптастыру, көше жағдайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын дамыту.



Өткізген: Майлыбаева Анда  
Тобы: Ересек «Балақай»  
Тақырыбы: «Жол белгілері»


Мақсаты: Балалардың жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру. Жол жолда жүру ережесін меңгерту дағдысысын қалыптастыру. Жол ережесін сақтауға үйрету. Бағдаршамның атқаратын қызметін таныстыру. Тыйым салынған белгілермен таныстырып, жолда жүру ережесін қатаң сақтауды үйрету. Жол қауіпсіздік ережелерін есте сақтауға, орындауға баулу. Ой - өрісін дамытып, түсініктерін кеңейту. Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп-тұруға, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.



**Тобы:** Ересек “Айгөлек”

**Тақырыбы:** Тұрмыстағы электроқұралдар



**Мақсаты:** нүкте арқылы сурет салу техникасының көмегімен балалардың бейнелеу іс-әрекетіне деген тұрақты қызығушылығын дамыту. Сурет салудың бұл әдісі шығармашылық ойлау мен қиялды, шығармашылықты белсендіре түседі, зейінін дамытады. Мектеп жасына дейінгі балалардың электр энергиясы туралы түсініктерін қалыптастыру және балалардың тұрмыстық үй жағдайындағы электроқұралдар туралы түсініктерін бекіту. Балаларға электр тоғы туралы түсінік беру. Балаларды электр тоғы мен ережелерімен таныстыру.



**Тобы: Ортаңғы “Бобек ”**

**Тақырыбы: Тұрмыстағы электроқұралдар**

**Мақсаты:** берілген бағытта белгілі бір ұзындықтағы сызықтарды сызу қабілетін дамыту. Балалар суреттегі заттарға мұқият қарап, зер сала білуге үйрету. Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту; көрнекі - кеністіктік қабылдауды дамыту. Жұмысты орындау кезінде ұқыптылыққа тәрбиелеу. Электр тоғы туралы негізгі білім беру. Балаларға электр тоғының қауіпті екенін түсіндіру. Тұрмыстағы электроқұралдардың атауымен таныстыру. Электроқұралдардың атауын және оның қауіпті екенін балаларға үйрету.



## Тобы: Ересек “Балақай”

### Тақырыбы: Тұрмыстағы электрқұралдар

**Мақсаты:** бұл сурет салу әдісі балалардың қиялына кең өріс ашады, баланың шығармашылықпен айналысуына, қиялын дамытуға, дербестік пен бастамашылдық танытуға, өзінің даралығын көрсетуге мүмкіндік береді. Балаларға өздерін еркін, батыл және стихиялы сезінуге мүмкіндік береді. Бұл әдістер қиялды дамытады және өзін-өзі көрсетуге толық еркіндік береді. Балалардың электр тоғы туралы білімдерін жалпылау. Электр энергиясы қайда және қалай өмір сүретіні туралы идеяларды кеңейту. Тұрмыстағы электрқұралдардың не екенін, қайдан пайда болуын түсіндіру.



**Тобы:** Ортаңғы «Бөбек»

**Мерзімі:** Наурыз айы

**Тақырыбы:** «Көліктер»

**Мақсаты:** Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету. Балаларды көліктің түрлерімен таныстыру. Жүк көлігі және оның маңызы туралы ұғым қалыптастыру. Көліктің жеке бөліктерімен таныстыру. Әр көліктің пайдасын айта отырып, еңбекқорлыққа баулу.





**Өткізілген мерзімі: Сәуір айы**

**Тақырыбы: «Қауіпсіз жол»**

**Өткізген: Майлыбаева Аида**

**Мақсаты:** Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен жүре білуге үйрету. Балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға, тәрбиелеу. Балаларды сақтыққа тәрбиелеу. Сонымен қатар балаларға жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтауға дағдыландыру. Жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру, жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру.



**Мерзімі:** Мамыр айы

**Тәрбиеші:** Майлыбаева Аида

**Тобы:** Ересек «Балақай»

**Тақырыбы:** «Мен-велосипедшімін»

**Мақсаты:** Балалардың жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру. Жолда абай болуды, жан-жаққа зейін қоюды, сақтануды меңгерту. Балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу. Велосипед тебу тәртібімен таныстыру. Сонымен қатар балаларға велосипед жүргізу ережелерін түсіндіру.

